

Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 20 наурыз N 1607. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.01.19. N 2035 Жарлығымен. ~U952035

Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту және оларды пайдалану жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын ретке келтіру және министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың осы бағыттағы қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің басшылығымен құрамына Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің және Ұлттық банктің басшылары кіретін Шетел кредиттері жөніндегі комиссия құрылсын. Комиссияға шет ел кредиттерін тарту мен пайдалануға байланысты мәселелерді қарау және олар бойынша Үкіметтің шешімдерін әзірлеу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Комиссияның жеке құрамын және ол туралы Ережені бекітсін.

2. Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір айлық мерзімде шет ел кредиттерін тіркеу туралы нұсқаулы әзірлеп, бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аталған жобаларды мемлекеттік сараптаудан өткізу тәртібін көрсете отырып, шет ел кредиттері есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың тәртібі мен процедуралары туралы нұсқауды бір айлық мерзімде әзірлейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық банкі, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті елдің сыртқы берешегін бейнелейтін статистикалық есеп беру нысанын екі айлық мерзімде әзірлеп, бекітсін және күшіне енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне сыртқы берешек жөніндегі жиынтық есепті Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық қаржы ұйымдары анықтаған тәртіппен жасау жүктелсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тіркемеген жаңа жеке-дара кредиттік келісімдер жасау тоқтатылсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі аталған тәртіптің бұзылуы анықталған жағдайда валютамен операциялар жасауға арналып банкілерге берілген бас лицензияларды қайтарып алатын болсын.

8. Министрліктер мен ведомстволар, холдингтер, қауымдастықтар, концерндер, кәсіпорындар мен ұйымдар, өкілетті банктер шет ел кредиттері жөніндегі қолда бар құжаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі берген кепілдік міндеттемелерін екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде

тіркейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мемлекеттің сыртқы берешегін басқару жүйесін құру жөнінде техникалық көмек алу үшін валюта қаражатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне басымдықпен бөлу мәселесін сыртқы жәрдемшілермен пысықтасын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы, 1994 жылғы 20 наурыз
N 1607

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1994 жылғы 20 наурыз
N 1607 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан
Республикасының кепілдігіне берілетін шет
ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке
алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы
Ереже

Бұл Ереже республикалық бюджеттің қаражаты есебінен толық немесе ішінара өтеуді қоса алғанда Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардан, шет ел мемлекеттерінен, банк топтарынан, банктер мен компаниялардан (бұдан былай - шетелдік кредиторлар) алатын шет ел кредиттерін тарту және пайдалану, сондай-ақ осы кредиттердің есебін алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітетін жыл сайынғы лимит шегінде Қазақстан Республикасының сыртқы берешегін қалыптастыратын шет ел кредиттерін тарту және кейіннен пайдалану туралы шешімді. Шет ел кредиттері жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің ұсыныстары негізінде қабылдайды.

2. Ашық шет ел кредит арналары арқылы белгілі бір жобаларды қаржыландыру туралы шешім ұсынылған шараларды жүргізудің орындылығы, бөлінген валюталық қаражатты өтеудің тетіктері мен схемасы туралы мәселелер Комиссияда қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен қабылданады.

3. Тартылатын шет ел кредиттерінің жалпы жылдық сомасын Шет ел кредиттері жөніндегі комиссияның табыс етуі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Аталған соманың шегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті әлеуметтік саланың валюталық шығынын өтей алмайтын жобаларды қаржыландыруға арналған шет ел кредиттерінің сомасын да бекітеді.

4. Шет ел кредиттері жабдықтар, көрсетілетін қызметті, "ноу-хауды" және тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетуге (инвестициялық кредиттер) арналған мүліктің барлық түрлерін (технологиялар мен жабдықтар), сондай-ақ шикізатты, материалдарды, жинақтаушы бұйымдарды, әлеуметтік маңызды тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметті (тауар кредиттері) шет елдерден сатып алу үшін пайдаланылады.

Инвестициялық кредиттер Қазақстан Республикасының басын ұлттық бағдарламаларында көзделген жобаларды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

Тауар кредиттері басым ұлттық бағдарламаларды жүзеге асыруды

қамтамасыз ететін тауарлар мен көрсетілетін қызметті сатып алу үшін, табиғи зілзалалардың зардаптарын жою үшін, өткір әлеуметтік мұқтажды өтеу үшін пайдаланылады.

Шет ел кредиттері есебінен қаржыландырудың міндетті шарты шет ел инвестицияларын пайдаланудың орынды болатын туралы мәселені пысықтау және жобаның өз шығынын өтейтінін алдын ала пысықтау арқылы шетелдік тауар беріп тұрушылар мен қызмет көрсетушілерді, және кредиторларды конкурстық іріктеу болып табылады.

5. Кәсіпорындар мен ұйымдар (бұдан былай түпкі заем алушы) шет ел кредиттері есебінен қаржыландыру көзделген жобалар бойынша өтінім мен қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жолдайды.

Шет ел кредиттері есебінен келесі жылы қаржыландыру көзделген жобалар бойынша түпкі заем алушылардан өтінімдер қабылдауды аяқтау мерзімі оның алдындағы жылдың 1 шілдесі болып табылады. Барлық өтінімдерді Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік тіркейді.

Шет ел кредиттері есебінен қаржыландыру көзделген жобалар бойынша өтінімнің нысаны мен қажетті құжаттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгілейді.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, басым ұлттық бағдарламалар мен алдын ала сараптау негізінде келесі қаржы жылында шет ел кредиттері есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар мен сатып алынатын тауарлардың индикативті тізбесін Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізеді.

7. Аталған индикативті тізбені Шет ел кредиттері жөніндегі комиссия қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткеннен кейін түпкі заем алушы пысықталған жоба мен оған қатысты барлық қажетті материалдарды:

инвестициялық жобаларды - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне;

тауарлар импорты жөніндегі ұсыныстарды - Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне;

кредитті өтеудің көздері мен тетіктерін - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етеді.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып инвестициялық жобаларды сараптауды ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі

баға деңгейі мен әлемдік нарықтағы конъюнктураға талдау жасайды және Индикативті тізбеге сәйкес импорттау көзделген тауарларды ықтимал беріп тұрушыларды бағамдайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынылатын қаражат көздерінен сыртқы берешекті қайтарудың мүмкіндігін қарастырады.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігінің жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Ұлттық банкі шетелдік кредиторлармен және сақтандыру ұйымдарымен келіссөздер жүргізеді және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімі бойынша шет ел кредиттерін тарту туралы Негізгі (Бас) келісімге Қазақстан Республикасының атынан қол қояды.

10. Мемлекеттік шет ел кредиттерін тарту және оларды жайғастыру жөніндегі банктер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Ұлттық банкінің және Экономика министрлігінің жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен анықталады.

11. Түпкі заем алушы клиенті болып табылатын өкілетті қазақстандық банк (бұдан былай банк) шет ел кредитін берушімен Негізгі (Бас) келісімге сәйкес жеке кредиттік келісім жасайды.

12. Түпкі заем алушы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттікке және шет ел кредитін берушімен кредиттік келісім жасасушы банкке өзінің кредиттерді және олар жөніндегі жанама төлемдерді өтеу кепілдігін табыс етіп, соңғысымен кредиттік келісім жасайды.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Үкімет алатын барлық шет ел кредиттері бойынша кепіл болып табылады.

14. Қазақстан Республикасының кепілдігі нақты жеке-дара кредиттік келісімге беріледі және оған Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қол қояды.

Қазақстан Республикасының нақты жеке-дара кредиттік келісімдерге арналған кепілдіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Шетелдік валютадағы барлық кредиттер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде алдын ала тіркеледі.

15. Шетелдік мемлекеттік және өзге де кредиттер заем алушының мемлекет алдындағы ақша қаражатының немесе өзге де мүліктерінің кепілдігімен қамтамасыз етіледі.

16. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен басқа да мемлекеттердің үкіметтері, шетелдік және халықаралық қаржы-кредит мекемелері арасында жасалатын кредиттік келісімдер, сондай-ақ осы келісімдерге сәйкес жасасылған банкіаралық кредиттік келісімдер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде міндетті түрде есепке алынуға жатады.

17. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде шет ел кредиттерін уақтылы өтеу үшін қаржы бөлінуін көздейді.

18. Қазақстан Республикасына шетелдік валютамен берілген кредиттерді тіркеу, сондай-ақ олар бойынша төлемдерді есепке алу жөніндегі операцияларды жүргізуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Тіркеу кезінде:

Үкіметаралық келісімдерге сәйкес, сондай-ақ шетелдік, халықаралық қаржы ұйымдары мен банкілері Қазақстан Республикасының Үкіметіне;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шетелдік, халықаралық банкілердің, қаржы мекемелерінің, басқа да шетелдік заңды ұйымдардың банктерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілеріне беретін кредиттері сараланып ескеріледі. Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілетін кредиттер бойынша оның атынан жасалатын негізгі (бас) келісімдер, негізгі (бас) банкіаралық келісімдер, шарттар бойынша жеке-дара банкілік келісімдер, сондай-ақ Үкіметтің тиісті хаттары тіркеледі.

Тіркелуге жататын құжаттар қол қойылғаннан кейін 10 күн ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне енгізіледі. Оларды тіркеу аталған келісімдердің және кепілдеме хаттардың түпнұсқалары табыс етілген соң 15 күн ішінде жүргізіліп, бұл туралы тіркеу куәлігі беріледі.

19. Өкілетті банктер республика бойынша жиынтық есепке енгізу үшін шетелдік валютадағы сыртқы берешектің қозғалысы туралы есеп беруді белгіленген нысан бойынша және белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етуге міндетті.